**"Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 21 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 ақпанда № 35699 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11995 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Экология және табиғи ресурстар министрі* — *Е. Нысанбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі
2025 жылғы 3 ақпандағы
№ 21 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 20 шілдедегі
№ 18-02/664 бұйрығымен
бекітілген

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған техника мен жабдықтардың тиесілік нормалары *

| № | Техниканың атауы | Жұмыс көлемінің 1000 шақырымына, бірлік | | | | Мемлекеттік орман қоры жерлерінің барлық санаттарында | Орман қорғау жұмыстары (бүрку), 1000 гектар, бірлік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Минералдандырылған алқаптар (жыралар) жасау | Минералдандырылған алқаптарға (жыраларға) күтім жасау | Өртке қарсы мақсаттағы жолдар салу | Өртке қарсы мақсаттағы жолдарды жөндеу және күтіп-ұстау | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Өрт сөндіру машинасы | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 2 бірлік | |
| 2 | Кіші орман патрульдік өрт кешені (КОПК) | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 1 бірлік | |
| 3 | Мынадай тарту класты тракторлар: | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-1 | 3-5 тонна | 0,84 | | 9,3 | 2,79 | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 2 бірлік | |
| 3-2 | 1,4-3 тонна | 1,34 | 1,9 | 20,2 | 6,06 | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 2 бірлік | 1,9 |
| 4 | Бульдозер | | | 2,76 | 0,83 | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясына 1 бірлік | |
| 5 | Бортты автомашина, жүк көтергіштігі 2,5-3,0 тонна | 0,02 | 0,01 | 0,72 | 0,22 | | 0,045 |
| 6 | Сыйымдылығы 2,5-3 тонна автоцистерна | | | | | | 0,47 |
| 7 | Патрульдік машина | | | | | орман шебері учаскесінің әрқайсысында – 1 бірлік; орманшылықтың әрқайсысында – 1 бірлік | |
| 8 | Мотоцикл, немесе ат | | | | | орман қарау аймағының әрқайсысында – 1 бірлік | |
| 9 | Квадроцикл | | | | | орман шебері учаскесінің әрқайсысында – 1 бірлік | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Қарда жүретін көлік | | | | | орман шебері учаскесінің әрқайсысында – 1 бірлік | |
| 11 | Бензинді ара | | | 2,7 | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 2 бірлік; 2-үлгідегі - 4 бірлік | |
| 12 | Тіркемелі, аспалы машиналар мен құралдар: | | | | | | |
| 12-1 | бұта шапқыш, қопарғыш | | | 2,84 | | | |
| 12-2 | террасер | | | 2,0 | 3,03 | | |
| 12-3 | дискілі тырма | 0,76 | 0,45 | | 2,79 | | |
| 12-4 | таптауыш | | | 0,46 | 3,03 | | |
| 12-5 | шалғы | | 1,45 | | | | |
| 12-6 | ағаш тасуға арналған құрылғы | | | 4,0 | | | |
| 13 | Ранецті бүріккіш немесе жоғары қысыммен жабдықталған сыйымдылық, ауа үрлейтін бүріккіш | | | | | орман қарау аймағының әрқайсысында – 1 бірлік; Орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 4 бірлік; 2-үлгідегі - 8 бірлік | |
| 14 | Тракторлы бүріккіш, ауа үрлейтін бүріккіш | | | | | | 1,9 |
| 15 | Орман өртін сөндіретін мотопомпа | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 2 бірлік; | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2-үлгідегі - 4 бірлік | |
| 16 | Өртке қарсы қолданылатын қос дискілі соқа | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 2 бірлік | |
| 17 | Тұтандырғыш аппарат | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 2 бірлік; 2-үлгідегі - 4 бірлік | |
| 18 | Ұшқышсыз ұшу аппараты | | | | | орман өрт сөндіру станциялары: 1-үлгідегі - 1 бірлік; 2-үлгідегі - 2 бірлік | |
| 19 | Жүк көтергіші кемінде 0,4 тонна аспалы қозғалтқышы бар моторлы қайық | | | | | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясына 1 бірлік | |
| 20 | Моторлы қайықтарды тасымалдауға арналған тіркемелер | | | | | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясына 1 бірлік | |
| 21 | Жол талғамайтын орман өртін сөндіру көлігі (болотоход) ** | | | | | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясына 1 бірлік | |
| | Жүк көтергіштігі 3 тонна жоғары | | | | | 2-үлгідегі орман өрт | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | толық жетекті шасси базасындағы жолаушы автокөлігі | | | | | сөндіру станциясына 1 бірлік | |
| 23 | Сыйымдылығы 2-6 тонна тіркемелі өртке қарсы модуль (су тартқыш) | | | | | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясына 1 бірлік | |

Ескертпе: * - орман өрт сөндіру станциясы (бұдан әрі - ОӨСС) болмаған жағдайда, шанц құралдармен, қорғаныс құралдарымен және өртке қарсы киіммен жабдықтың көлемін ОӨСС -1 типті стандарттарына сәйкес қамтамасыз ету қажет.

** - қажет болған жағдайда сатып алынады.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған, қамтамасыз етілетін объектілердің және техниканың, байланыс құралдары мен спутниктік навигация аспаптарының тиесілік нормалары

| № | Байланыс құралдарымен және спутниктік навигация аспаптарымен қамтамасыз етілетін объектілер мен техниканың атауы | Байланыс құралдарының атауы | | | Стилусы мен мемлекеттік орман қорының офлайн картасы бар планшет немесе спутниктік навигация аспаптары |
|---|---|---|---|---|---|
| | | стационарлы | мобильдік | портативті спутниктік кешен* | |
| 1 | Мемлекеттік орман иеленушінің офисі | 1 | | 1 | |
| 2 | Орманшылық офисі немесе орман кордоны | 1 | | | |
| 3 | 1 және 2 үлгідегі орман өрт сөндіру станциясы | 1 | | 1 | |
| 4 | Өрт сөндіру машинасы | | 1 | | 1 |
| 5 | Кіші орман патрульдік өрт кешені | | 1 | | 1 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Патрульдік машина | | 1 | | 1 |
| 7 | Орман өрттерін сөндіруде пайдаланылатын орман өрт сөндіру станциясына бекітілген тракторлар | | 1 | | 1 |
| 8 | Жол талғамайтын орман өртін сөндіру көлігі (болотоход)* | | 1 | | |
| 9 | Жүк көтергіштігі 3 тонна жоғары толық жетекті шасси базасындағы жолаушы автокөлігі | | 1 | | |

Ескертпе: * - қажет болған жағдайда сатып алынады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындайтын жұмыскерлерге арналған байланыс құралдары мен спутниктік навигация аспаптарының тиесілік нормалары

| № | Байланыс құралдарымен және спутниктік навигация аспаптарымен қамтамасыз етілетін қызметкерлердің атауы | Байланыс құралдарының атауы | | Стилусы мен мемлекеттік орман қорының офлайн картасы бар планшет немесе спутниктік навигация аспаптары |
|---|---|---|---|---|
| | | мобильдік | ұстап жүретін | |
| 1 | Директор | 1 | 1 | 1 |
| 2 | Директордың орынбасары | 1 | 1 | 1 |
| 3 | Инженер (барлық санаттағы) | | 1 | |
| 4 | Бас орман күтуші | | 1 | 1 |
| 5 | Бас орман күтушінің орынбасары | | 1 | 1 |
| 6 | Орман (учаске) шебері | | 1 | 1 |
| 7 | Орманшы (инспектор) | | 1 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Орман өрт сөндіру станциясының басшысы | | 1 | 1 |
| 9 | Орман өрт сөндірушісі | | 1 | |
| 10 | Радиооператор | | 1 | |
| 11 | Өрт күзетшісі | | 1 | |

Ескертпе: * - портативті спутниктік кешен қажет болған жағдайда қолданылады.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған техника мен жабдықтардың тиесілілік нормалары

| № | Техниканың атауы | Күтіп-баптау мақсатында кесу, 1000 текше метр, бірлік | Санитариялық кесу 1000 текше метр, бірлік | Екпелер өсіру, миллион дана, бірлік | Көшеттер, өсіру, миллион дана, бірлік | Жұмыс көлемінің 1000 гектарына, бірлік | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | алаңдарды қопсыту | алаңдарды тазарту | топырақты дайындау | себу алдында топырақты өңдеп, ағаш тұқымын себу | себу алдында топырақты өңдеп, ағаш отырғызу | орман ағаштарын күтіп баптау | орманның табиғи қайта түленуіне жәрдемдесу |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 1 | Тарту класты тракторлар: | | | | | | | | | | | |
| 1-1 | 5-6 тонна | | | | | 34,5 | 14 | | | | | |
| 1-2 | 3 тонна | | | 0,145 | 0,81 | | 0,76 | 7,99 | | 2,03 | 0,3 | 0,24 |
| 1-3 | 1,4 тонна | 0,41 | 0,41 | 0,021 | 2,62 | | | 0,49 | 0,6 | 0,95 | 1,04 | |
| 1-4 | 0,6-0,9 тонна | | | 0,169 | 0,44 | | | | | | | |
| 2 | Экскаватор | | | 0,024 | 0,143 | | | | | | | |
| 3 | Автомашиналар: | | | | | | | | | | | |
| 3-1 | Бортты жүк көтергіштігі 2,5-3 тонна | 0,02 | 0,02 | 0,04 | | 0,24 | 0,07 | 0,07 | 0,25 | 0,23 | 0,7 | 0,12 |
| 3-2 | Жүк көтергіштігі 3 - 5 тонна өзіаударғыш | | | 0,19 | 0,05 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-3 | жүккөтергіштігі 2,5-3 тонна автоцистерна | 0,001 | 0,001 | 0,02 | 0,12 | 0,24 | 0,14 | 0,07 | 0,11 | 0,01 | 0,02 | |
| 4 | Сорғы станциясы | | | 0,12 | | | | | | | | |
| 5 | Бензинді ара | 0,55 | 0,23 | | | | | | | | | |
| 6 | "Секор" үлгісіндегі мотоаспап | 0,42 | | | | | | | | | | |
| 7 | Тіркемелі, аспалы машиналар мен құралдар: | | | | | | | | | | | |
| 7-1 | бұташапқыш, қопарғыш | | | | | 34,5 | 14,0 | | | | | |
| 7-2 | төрт корпусты соқа | | | 0,01 | 0,07 | | | 3,59 | 0,3 | | 0,3 | 0,08 |
| 7-3 | қопсытқыш соқа | | | | 0,08 | | | | | | | |
| 7-4 | фреза | | | 0,12 | 0,25 | | | | | | | 0,08 |
| 7-5 | қар жыртқыш | | | | | | | 1,14 | | | | |
| 7-6 | қазғыш қапсырма, қазғыш соқа | | | 0,01 | 0,38 | | | | | | | |
| 7-7 | дискілі тырма | | | 0,001 | 0,015 | | | 3,26 | 0,1 | | | 0,08 |
| 7-8 | тісті тырмалар (буын) | | | 0,024 | 0,08 | | | 1,47 | | 3,8 | | |
| 7-9 | сыдыра жыртқыш | | | | | | | 0,29 | | | | |
| 8 | Қопсытқыштар: | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8-1 | орман қарықтарын жасайтын қопсытқыш | | | | | | | 0,2 | | | 1,34 | |
| 8-2 | бүйірлі қопсытқыш | | | | | | | | | | 1,04 | |
| 8-3 | қопсытқыш өсімдік коректендіргіш | | | 0,13 | 2,36 | | | | | | 1,04 | |
| 8-4 | булы қопсытқыш | | | 0,005 | 0,15 | | | 0,29 | | 0,95 | | |
| 8-5 | таптауыш | | | 0,002 | 0,01 | | | | | | | |
| 8-6 | орман питомниктеріне арналған тұқым сепкіш | | | 0,02 | | | | | | | | |
| 8-7 | сексеуілге арналған тұқым сепкіш | | | | | | | | 0,2 | | | |
| 8-8 | ағаш отырғызатын машина отырғызғыш | | | | 0,19 | | | | | 6,09 | | |
| 8-9 | бүріккіш | | | 0,011 | 0,18 | | | | | | | |
| 8-10 | тіркемелер, тыңайтқыш шашқыш | | | 0,006 | 0,11 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8-11 | тіркеуіш | | | 0,006 | 0,02 | | | | | 2,03 | | |
| 9 | Жаңбырлатқыш машина | | | 0,12 | 0,6 | | | | | | | |

## 5. Мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі ормандарды қорғау нормативтері*

| № | Мемлекеттік орман қорының санаттары | Орман қарау аймағының нормативтік алаңы, мың гектар | Орман шебері учаскесінің нормативтік алаңы, мың гектар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Елді мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтары, қала ормандары мен орманды саябақтар | 0,25 | 1,0 |
| 2 | Мемлекеттік қорғаныштық орман алқаптары | 0,35 | 1,6 |
| 3 | Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілерінің жағалауларындағы тыйым салынған белдеулер; халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланымдағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныштық орманды екпелер; халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланымдағы темір жолдар мен автомобиль жолдарына, магистральды құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелер | 1,75 | 8,0 |
| 4 | Эрозияға қарсы ормандар: | | |
| | 4-1) дала және орманды-дала аудандарында; | 1,5 | 7,0 |
| | 4-2) шөлді аудандарда | 30,0 | 150,0 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Егістік топырағын қорғау ормандары, оның ішінде: | | |
| | 5-1) далалық шоқ ормандар; Қазақстандық шағын адырды қоса алғанда, шөлейт, дала, орманды-дала аудандарындағы ормандар | 1,0 | 4,5 |
| | 5-2) орманы аз таулы аудандардағы ормандар; | 5,25 | 24,0 |
| | 5-3) шөлді аудандардағы ормандар | 20,0 | 80,0 |
| 6 | Ерекше қорғалатын орман аумақтары, оның ішінде: | | |
| | 6-1) мемлекеттік қорықтық аймақтар ормандары; мемлекеттік табиғат ескерткіштері; генетикалық орман резерваттарын қоса алғанда ғылыми маңызы бар орман учаскелері; ормандағы жемістік екпе ағаштар | 1,25 | 5,0 |
| | 6-2) ерекше бағалы орман массивтері; жаңғақты кәсіпшілік аймақтары | 2,5 | 10,0 |
| | 6-3) субальпілік ормандар | 5,0 | 20,0 |

Ескерпе: * - аумақтың игерілуіне, мемлекеттік орман қоры учаскелерінің ормандылығына және қол жетімділігіне қарай көрсетілген нормативтерді +/- 25 пайызға түзетуге рұқсат етіледі.

6. Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман өрт сөндіру станциялары қызметкерлері санының нормативтері

| № | Лауазымдар атауы | Қызметкерлер саны | |
|---|---|---|---|
| | | 1-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясы | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясы |
| 1 | Орман өрт сөндіру стансасының басшысы | 1 | 1 |
| 2 | Өрт сөндіру машинасының жүргізушісі | 1 | 2 |
| 3 | Кіші орман патрульдік өрт кешенінің жүргізушісі | 1 | 1 |
| 4 | Жол талғамайтын орман өртін сөндіру көлігінің жүргізушісі | | 1 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Жүк-жолаушылар көлігінің жүргізушісі | | 1 |
| 6 | Тракторшы-машинист | 2 | 4 |
| 7 | Бульдозер жүргізушісі | | 1 |
| 8 | Радиооператор | 1 | 1 |
| 9 | Өрт сөндіру машиналарын, жабдықтары мен аппаратурасын жөндеу жөніндегі слесарь | 1 | 1 |
| 10 | Орман өрт сөндірушісі | 4 | 8 |

## 7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі ормандарды қорғау нормативтері

| № | Функционалдық аймақтар | Орман қарау аймағының нормативтік алаңы, мың гектар | Орман шебері учаскесінің нормативтік алаңы, мың гектар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Биосфералық қорықтарды қоса алғанда мемлекеттік табиғи қорықтар | | | |
| 1 | Қорықтық режим, оның ішінде: | | |
| | 1-1) орманды-дала және дала аудандарында | 1,25 | |
| | 1-2) таулы аудандарда оның ішінде: | | |
| | орман өскен | 2,3 | |
| | ормансыз | 4,0 | |
| | 1-3) шөл және шөлейт аудандарда | 20,0 | |
| | 1-4) сулы-батпақты алқапта | 9,5 | |
| 2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер | | | |
| 1 | Қорықтық режим, оның ішінде: | | |
| | 1-1) орманды-дала және дала аудандарында | 1,25 | 5,0 |
| | 1-2) таулы аудандарда оның ішінде: | | |
| | орман өскен | 2,3 | 9,5 |
| | ормансыз | 4,0 | 16,0 |
| | 1-3) шөл және шөлейт аудандарда | 20,0 | 80,0 |
| 2 | Қаумал режимі, оның ішінде: | | |
| | 2-1) рекреациялық пайдаланудағы, оның ішінде: | | |
| | жоғары қарқынмен пайдаланылатын; | 0,25 | 1,0 |
| | төмен қарқынмен пайдаланылатын | 1,0 | 4,0 |
| | 2-2) әкімшілік-өндірістік қызметте; келушілер мен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | туристерге қызмет көрсетуде; шектеулі шаруашылық қызметте | 1,5 | 5,0 |
| 3. Мемлекеттік табиғи резерваттар | | | |
| 1 | Қорықтық өзек, оның ішінде: | | |
| | 1-1) орманды-дала және дала аудандарында | 1,25 | 5,0 |
| | 1-2) таулы аудандарда, оның ішінде: | | |
| | орман өскен | 2,3 | 9,5 |
| | ормансыз | 4,0 | 16,0 |
| | 1-3) шөл және шөлейт аудандарда | 20,0 | 80,0 |
| 2 | Аралық аймақ | 1,25 | 5,0 |
| 3 | Бұзылған ландшафттарды қалпына келтіру аймағы; тұрақты даму аймағы | 2,5 | 10,0 |
| 4 | Сулы-батпақты жерлер | 9,5 | 38 |

Ескертпе: * - аумақтың игерілуіне, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рекреациялық жүктемесіне, аймақтарға бөлінуіне қарай көрсетілген нормативтерді +/- 25 пайызға түзетуге рұқсат етіледі.

8. Орман қорын авиациялық қорғау жөніндегі жұмыстардың нормативтері *

| № | Өрт қауіптілігінің табиғи кластары бойынша орман түрлері | Қорғалатын алаң, мың гектар | Әуе кемелерінің нормативтері (бірлік) оның ішінде | | Өрт қауіптілігінің класы | Өрт қауіптілігінің тиісті класында нормативтік ұшу сағаты, сағат/мың гектар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тікұшақтар | ұшақтар | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Ертіс өңірінің (Абай және Павлодар облыстары) қатты кеуіп қалған қарағайлы ормандары, уақытша және байырғы қайыңды ормандары мен көктеректі ормандары, тізбекті тоғайлардың жайылмалы ормандары | 931 | 6 (І- класты 2 тікұшақ<br>ІІ-IV класты 4 тік ұшақ) | | 1 2 3 4 5 | -<br>0,043 0,154 0,335 1,190 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Қазақтың шағын адыры мен аралдағы қарағайлы ормандардың (Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары) қатты кеуіп қалған және кеуіп қалған қарағайлы ормандары, байырғы және уақытша қайыңды ормандары мен көктеректі ормандары, жайылмалы ормандары | 897 | 6 (I-класты 1 тікұшақ II-IV класты 5 тік ұшақ) | | 1 2 3 4 5 | - 0,096 0,205 0,466 0,979 |
| 3 | Жоңғар Алатауының, Күнгей Алатауының, Теріскей Алатауының, Іле Алатауының (Алматы және Жетісу облысы) жартастағы шыршалы ормандары, мүкшөпті шыршалы ормандары және майқарағайлы ормандары, кеуіп қалған көктеректі ормандары, алма ағаштары және тоғайлы ормандары | 1190 | 3 (I-класты 1 тікұшақ II-IV класты 2 тік ұшақтар) | 2 | 1 2 3 4 5 | - 0,151 0,274 0,317 0,442 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Оңтүстік және Кенді Алтайдың, Сауыр Тарбағатайдың және Қалба жотасының (Шығыс Қазақстан облысы) кеуіп қалған және жартастағы қарағайлы ормандары, шыршалы ормандары, майқарағайлы ормандары, самырсынды ормандары, балқарағайлы ормандары, қайыңды ормандары және көктеректі ормандары | 2686 | 4 (I-класты 1 тікұшақ II-IV класты 3 тік ұшақтар) | 1 | 1 2 3 4 5 | - 0,041 0,093 0,200 0,502 |
| 5 | Қазақтың шағын адырының қатты кеуіп қалған және кеуіп қалған қарағайлы ормандары, байырғы және уақытша қайыңды ормандары мен көктеректі ормандары, жайылмалы ормандары (Қарағанды облысы) | 115,5 | 1 (II-IV класты тік ұшақ) | | 1 2 3 4 5 | - 0,245 0,749 1,544 2,756 |
| 6 | Сексеуілді және тоғайлы ормандар (Жамбыл облысы) | 3283,7 | 1 (II-IV класты тік ұшақ) | 1 | 1 2 3 4 5 | - 0,012 0,024 0,117 0,462 |
| | Терек, емен-қарағаш | | | | 1 | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | және желді ормандар (Батыс Қазақстан облысы) | 206,2 | 1 (II-IV класты тік ұшақ) | | 2<br>3<br>4<br>5 | 0,752<br>0,417<br>0,752<br>0,941 |
| 8 | Батыс Тянь-Шаньның Қаратау ксерофитті ормандары, арша-жеміс ормандары (Түркістан облысы) | 341,6 | 1 (II-IV класты тік ұшақ) | | 1<br>2<br>3<br>4<br>5 | -<br>0,088<br>0,302<br>0,422<br>0,823 |
| 9 | Авиациялық күзетуге жататын орман қорының барлық алаңы | 9651 | 23 | 4 | | |

Ескертпе: *

1. Өрт қауіптілігінің мынадай кластарында (бұдан әрі – ӨҚК) күзету жиілігі мынаны құрайды:

I ӨҚК-да ұшып аралау жүргізілмейді;

II ӨҚК-да күн ара – 1 ұшып аралау;

III ӨҚК-да күн сайын – 1 ұшып аралау;

IV ӨҚК-да күн сайын – 2 ұшып аралау;

V ӨҚК-да күн сайын – 3 ұшып аралау.

2. Патрульдеу жиілігі мемлекеттік орман иеленушімен келісім бойынша жел жылдамдығы секундына 8 метрден асқан жағдайда, сондай-ақ өрт қаупі бар маусымның демалыс және мерекелі күндерінде көбейтілуі мүмкін.

9. Орман өрт сөндіру станцияларының мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкерлерін қорғау құралдарымен және өртке қарсы киіммен жарақтандыру нормативтері

| № р/с | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Таралу аймағы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Өрт сөндірушінің плащы (комбинезон) | дана | 1 | Орман өрт сөндіру станциясының әрбір қызметкеріне (радиооператор мен |
| 2 | Арнайы киім және арнайы аяқ киім (алмалы-салмалы жылу оқшаулағыш төсемі бар күрте мен шалбар, жүннен жасалған касканың астынан киетін шлем, карабины бар | | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құтқарушы өрт сөндіруші белдігі, өрт сөндірушінің балтасына арналған белдік қап, өрт сөндіруші етік) жиынтықта | жинақ | | өрт сөндіру машиналарын, жабдықтар мен аппаратураларды жөндеу жөніндегі слесарьды қоспағанда) |
| 3 | Қорғаныс шлемдері | дана | 1 | |
| 4 | Қолғап | дана | 1 | |
| 5 | Тыныс алу органдарын қорғау құралдары | дана | 1 | |
| 6 | Қорғаныс көзілдірігі | дана | 1 | |

10. Орман өрт сөндіру станцияларын шанц құралдарымен және өрт-техникалық қару жарақпен жарақтандыру

| р/с № | Атауы | Бірліктер саны | | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| | | 1-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясы | 2-үлгідегі орман өрт сөндіру станциясы | |
| 1 | Өрт күрегі ( шанышқы өткір мұрынды немесе жартылай ұшты өткір мұрынды), дана | 25 | 50 | Жалынға топырақ лақтыру, күйдіруге арналған тірек жолағын жасау |
| 2 | Балта, дана. | 5 | 10 | Технологиялық дәліздерді тазарту |
| 3 | Өрт балтасы-кетпен , дана | 5 | 10 | Минералданған жолақтарды төсеу, қоқысты алу және тағы да басқа жұмыстар |
| 4 | Өрт сөндіргіш шапалақ дана | 25 | 50 | Жану ошағына оттегінің қатынауын тоқтату және жасырын ошақтардың жануын көмірқышқыл газ және шаңды пайдалану арқылы өртті сөндіру |
| 5 | Өрт тырмасы, дана | 25 | 50 | Орман жанғыш материалдарын жою |
| 6 | Шелек ( сыйымдылығы кемінде 10 литр), дана | 10 | 20 | Өртті сөндіру |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Медициналық жинақ, дана | топтар (командалар) саны бойынша | | Далалық жағдайда дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету |
| 8 | Жеке таңу жинағы, дана | топтар (командалар) мүшелерінің саны бойынша | | Далалық жағдайда дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету |
| 9 | Жалпы көлемі 20 литр дейін ауыз суға арналған сыйымдылықтар жиынтығы (канистр, бидон, контейнер), дана | 4 | 8 | Ауыз суды жеткізу және сақтау |
| 10 | Ұйықтайтын қап, дана | 4 | 8 | Қауіпсіздің техника талаптарына сәйкес, еңбекті қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес |
| 11 | Жылу оқшаулағыш төсеніш (үрлемелі матрас), дана | 4 | 8 | |
| 12 | Шатырлар, дана | топтар саны бойынша (барлық мүшелерге арналған орындармен) және/немесе топ (команда) мүшелерінің саны бойынша | | |
| 13 | Жеке фонарь, дана | топтар (командалар) мүшелерінің саны бойынша | | |
| 14 | Сигнал ысқырығы, дана | топтар (командалар) мүшелерінің саны бойынша | | |
| 15 | Колба немесе ауыз суға арналған жеке киілетін ыдыс (көлемі 0,8-ден 3 литрге дейін), дана | топтар (командалар) мүшелерінің саны бойынша | | |
| 16 | Рюкзак | топтар (командалар) мүшелерінің саны бойынша | | Далалық жүктерді, инвентарь мен жабдықтарды тасымалдау үшін |
| 17 | Бинокль (далалық), дана | 1 | 2 | Рельефке шолу |
| 18 | Компас, дана | бригадаға (топқа) кемінде 1 | | Рельефке бағдарлау |
| 19 | Мотопомпаға қысымды жеңдер жиынтығы кемінде 100 метр | әр мотопомпаға 1 | | Өрт ошағына су беру және сыйымдылықтарды толтыру |
| 20 | Автоцистернаға арналған қысымды жеңдердің қосымша жиынтығы, кешен | қолда бар бір автоцистернаға кемінде 200 метр | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21 | Көбік түзгіштер мен суландырғыштар ( сұйық немесе қатты ), өрт сөндіргіш және отты ұстайтын заттар, килограмм | кемінде 50 | кемінде 100 | Өртті сөндіру |
| 22 | Бензин электр генераторы | 1 қажет болған жағдайда | 1 | Байланыс, өрт сөндіру құралдарының аккумуляторларын, далалық жағдайларда арнайы жабдықтарды зарядтау үшін |
| 23 | Далалық зарядтағыш | 1 қажет болған жағдайда | 1 | Байланыс, өрт сөндіру құралдарының аккумуляторларын, далалық және стационарлық жағдайларда арнайы жабдықтарды зарядтау үшін |
| 24 | Слесарьлық құралдар, электр тогы, өртке қарсы жабдықтар мен байланыс құралдарын күтіп ұстауға және ағымдағы жөндеуге арналған қорғаныс құралдары, жинақ | 1 | 1 | Өртке қарсы жабдықтарды, құралдарды, инвентарьды, байланыс құралдарын күту және ағымдағы жөндеу үшін |
| 25 | Сигнал таспаларының немесе жалаулардың ( белгілердің) жиынтығы, дана | 1 | 1 | Өрттің шекарасын, уақытша далалық лагерьді, өрт орын алғанда трактор техникасының қозғалыс бағытын және тағы да басқаны белгілеу үшін |
| 26 | Басқару құралдарының жиынтығы ( құрамында: компьютер, факс, модем, көшіру және сканерлеу құрылғылары, маркер тақтасы) | кемінде 1 | 1 | Өрт сөндіру күштері мен құралдарын басқаруды ұйымдастыру, электрондық және баспа құжаттамасын жүргізу үшін |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27 | Жылжымалы немесе тасымалданатын дыбыстық хабар тарату құрылғысы, дана | 1 | 2 | Өрт сөндіру кезінде командалар беру үшін өрт сөндіру бригадасын жарақтандыру |
| 28 | Жалпы көлемі 20 литрге дейін жанар-жағармай материалдары арналған сыйымдылықтар жиынтығы ( жанар-жағармай материалдары үшін арнайы канистрлер) | 4 | 8 | Жанармай құю станциясынан алыс жерлерде өртті сөндіру кезінде жеткізу және жанар-жағармай материалдарының резерві |

11. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман өрттерін ерте анықтауға арналған арнайы жабдықтардың тиесілік нормалары

| Ағаш түрлері | Ерте анықтау жүйелері (ЕАЖ) орнатылған<br>өрт бақылау мачталары немесе<br>өрт бақылау мұнаралары |
|---|---|
| Қылқан жапырақтылар | 12 мың гектарға 1 бірліктен кем емес |
| Жапырақтылар | 15 мың гектарға 1 бірліктен кем емес |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК